

"Мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау әдістемесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының
2013 жылғы 9 қаңтардағы № 06-7/2 және Қазақстан Республикасының Көлік
және коммуникация министрі м.а. 2013 жылғы 10 қаңтардағы № 22 бірлескен
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2013 жылғы 28 қарашадағы № 06-7/172 және Қазақстан Республикасы және Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 30 қарашадағы № 964 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 26 желтоқсанда № 9031 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2014 жылғы 27 қарашадағы № 38 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 181 Бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 27.11.2014 № 38 және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 25.11.2014 № 181 Бірлескен бұйрығымен.

Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :

1. «Мемлекеттік қызметтер көрсету саласын бағалау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 9 қаңтардағы № 06-7/2 және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі м.а. 2013 жылғы 10 қаңтардағы № 22 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 8260 тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау әдістемесі осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда
ж а з ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Инспекция және бақылау бөлімі (Қ.А. Жапақов), Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Ақпараттық технологиялар саласындағы мемлекеттік саясат департаменті (Қ.Б. Елеусізова):

1) осы бұйрықты заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуін және бұқаралық

ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар
назарына жеткізсін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің интернет-ресурстарына және Мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының орынбасары С.Қ. Ахметжановқа, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі С.С. Сәрсеновке жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Төрағасы*

министрі

_____ *А.Байменов*

*Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация*

_____ *А.Қ. Жұмағалиев*

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының
2013 жылғы «28» қарашадағы № 06-7/172

және Қазақстан Республикасының
Көлік және коммуникация Министрінің
2013 жылғы «30» қарашадағы № 964

бірлескен бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының
2013 жылғы «9» қаңтардағы № 06-7/2

және Қазақстан Республикасы
транспорт және коммуникация
Министрі міндетін ақарушысының
2013 жылғы «10» қаңтардағы № 22

бірлескен бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау әдістемесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығын (бұдан әрі – Жүйе) жүзеге асыру мақсатында әзірленді.

2. Әдістеме мемлекеттік органдармен жеке және заңды тұлғаларға қолайлы және сапалы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді, соның ішінде электрондық форматта көрсету шараларының тиімділігін анықтауға арналған.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілетін Мемлекеттік қызметтердің тізілімінде көрсетілген (бұдан әрі – Тізілім) мемлекеттік қызметтер бойынша жүргізіледі.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау осы Әдістеменің 6-8- және 10-12-қосымшаларына сәйкес мемлекеттік органдармен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне (бұдан әрі – Агенттік) және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) жолданатын ақпаратқа талдау жасау арқылы жүргізіледі.

Бағалау барысында көрсетілетін қызметті алушылардан қосымша әлеуметтік сауалнама жүргізілуі мүмкін.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау:

- 1) заңдылық;
- 2) объективтілік;
- 3) турашылдық;
- 4) құпиялықты сақтау;
- 5) анықтылық;
- 6) жан-жақтылық;
- 7) ашықтық қағидаттарына негізделеді.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына бағалауды жүргізу үшін келесі ақпарат көздері:

- 1) мемлекеттік органдардың статистикалық мәліметтері;
- 2) бағаланатын мемлекеттік органдарда мемлекеттік органдармен жүргізілген тексерулердің нәтижелері;
- 3) көрсетілетін қызметті алушылардан жүргізілген сауалнама нәтижелері;
- 4) үкіметтік емес ұйымдардың (қоғамдық бірлестіктердің) мәліметтері болады.

2. Бағалауды жүргізу тәртібі

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау мынадай өлшемдер бойынша жүргізіледі:

Үдерісті өлшемдер:

- 1) Мемлекеттік қызметтердің тізілімін ұлғайту;
 - 2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының сапасы;
 - 3) мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінің сапасы;
 - 4) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігі;
 - 5) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі;
 - 6) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына мемлекеттік органның ішкі бақылауының тиімділігі;
- Нәтижелі өлшемдер:
- 7) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерінің сақталуы;
 - 8) мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелеріне шағымдану;
 - 9) мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) «электрондық үкімет» және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметті алушылардың үлесі.

8. Әр өлшем бойынша көрсеткіштер анықталып, оларға сәйкес тиісті баллдар қойылады.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау үшін өлшемдер мен көрсеткіштердің маңыздық үлесі осы Әдістеменің 1- және 2-қосымшаларында көрсетілген.

9. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен «мемлекеттік қызметтердің тізілімін ұлғайту», «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының сапасы», «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінің сапасы», «мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына мемлекеттік органның ішкі бақылауының тиімділігі», «мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелеріне шағымдану» өлшемдері және «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мерзімдерінің сақталуы» көрсеткіші бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау Агенттікпен жүргізіледі.

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен «мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігі», «мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі», «мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) «электрондық үкімет» және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметті алушылардың үлесі» өлшемдері және «электрондық үкімет» порталынан келіп түскен арыздарды уақытылы тіркеу», «лицензиялауға қағаз нұсқасында келіп түскен арыздарды

уақытылы тіркеу» және «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық қызметтерді уақытылы көрсету» көрсеткіштері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау Министрлікпен жүргізіледі.

Агенттікпен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен жүргізіледі.

Министрлікпен «мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігі», «мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі», «мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) «электрондық үкімет» және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметті алушылардың үлесі» өлшемдері және «электрондық үкімет» порталынан келіп түскен арыздарды уақытылы тіркеу», «лицензиялауға қағаз нұсқасында келіп түскен арыздарды уақытылы тіркеу» және «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық қызметтерді уақытылы көрсету» көрсеткіштері бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын бағалау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесімен жүргізіледі.

Бағалауға орталық мемлекеттік органдармен, олардың ведомстволарымен, аумақтық бөлімшелерімен, ведомстволарының аумақтық бөлімшелерімен, ведомстволық бағынысты ұйымдар мен олардың аумақтық бөлімшелерімен, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдармен, соның ішінде облыс, аудан және қала мен ауылдық атқарушы органдармен көрсетілетін қызметтер жатады.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау үшін Агентлікте жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрылады. Жұмыс тобының құрамы Агенттіктің бұйрығымен бекітіледі.

Жұмыс тобының құрамына Агенттіктің және Министрліктің өкілдері кіреді.

Жұмыс тобы мемлекеттік органдармен ұсынылған мәліметтер мен мемлекеттік органдар жүргізген тексерулер нәтижесінде алынған ақпараттарды салыстыру арқылы әр-түрлі көздерден алынған мәліметтердің шынайылығына т а л д а у жү р г і з е д і .

11. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау есеп (күнтізбелік) жылдың қорытындысы бойынша жыл сайын жүргізіледі.

12. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау нәтижелері жөніндегі қорытынды осы Әдістеменің 3- және 4-қосымшаларындағы нысанға сәйкес ә з і р л е н е д і .

Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен «мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігі», «мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі», «мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) «электрондық үкімет» және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметті алушылардың үлесі»

өлшемдері және «электрондық үкімет» порталынан келіп түскен арыздарды уақытылы тіркеу», «лицензиялауға қағаз нұсқасында келіп түскен арыздарды уақытылы тіркеу» және «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық қызметтерді уақытылы көрсету» көрсеткіштері бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау нәтижелері жөніндегі қорытындылар осы Әдістеменің 5-қосымшасындағы нысанға сәйкес әзірленеді және Министрлікпен Агенттікке ұсынылады.

Министрлікпен «мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігі», «мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі», «мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) «электрондық үкімет» және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметті алушылардың үлесі» өлшемдері және «электрондық үкімет» порталынан келіп түскен арыздарды уақытылы тіркеу», «лицензиялауға қағаз нұсқасында келіп түскен арыздарды уақытылы тіркеу» және «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық қызметтерді уақытылы көрсету» көрсеткіштері бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау нәтижелері жөніндегі қорытындылар Агенттікке Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесімен ұсынылады.

Агенттікпен көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау нәтижелері туралы қорытындылар Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ұсынылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау нәтижелері туралы қорытындылар Агенттікпен Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне ұсынылады.

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау үшін ақпарат Агенттікке және Министрлікке жыл сайынғы бағалау жүргізудің кестесіне (бұдан әрі – Кесте) сәйкес орталық мемлекеттік органның аппараттарымен (орталық мемлекеттік органмен, оның ведомстволарымен, аумақтық бөлімшелерімен және ведомстволық бағынысты ұйымдармен көрсететін қызметтер бойынша), облыстардың, Астана және Алматы қалалары әкімдері аппараттарымен (облыс, аудан және қала мен ауылдық атқарушы органдармен көрсетілетін қызметтер бойынша) қағаз және электрондық нұсқаларда ұсынылады.

Агенттікпен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау үшін ақпарат Агенттікпен Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Кестеге сәйкес қағаз және электрондық нұсқаларда ұсынылады.

Министрлікпен «мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігі», «мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі», «мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) «

электрондық үкімет» және халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетілетін қызметті алушылардың үлесі» өлшемдері және «электрондық үкімет» порталынан келіп түскен арыздарды уақытылы тіркеу», «лицензиялауға қағаз нұсқасында келіп түскен арыздарды уақытылы тіркеу» және «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық қызметтерді уақытылы көрсету» көрсеткіштері бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалау үшін ақпарат Министрлікпен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне Кестеге сәйкес қағаз және электрондық нұсқаларда ұсынылады.

3. Тиімділікті бағалау

Параграф 1. «Мемлекеттік қызметтердің тізілімін ұлғайту» өлшемі бойынша бағалау

14. «Мемлекеттік қызметтердің тізілімін ұлғайту» өлшемі бойынша бағалау «Тізілімге жаңадан енгізілген мемлекеттік қызметтердің болуы» көрсеткіші арқылы осы Әдістеменің 6-қосымшасындағы нысанға сәйкес Мемлекеттік қызметтердің тізілімін ұлғайту жөніндегі орталық мемлекеттік органдармен ұсынылатын ақпараттарының негізінде анықталады.

Ақпаратта Тізілімде жаңа мемлекеттік қызметтердің түрлерін енгізу бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде, сондай-ақ жаңа мемлекеттік қызметтер түрлерін анықтауға бағытталған мемлекеттік орган қызметінің саласын айқындайтын нормативтік құқықтық негізге жүргізілген талдау көрсетіледі.

Бағалау кезінде орталық мемлекеттік органдардың ақпараттары Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен және мемлекеттік емес ұйымдармен жаңа мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау бойынша жүргізілген талдау нәтижелерімен салыстырылады.

Бағалау кезінде сондай-ақ Тізілімге енгізілмеген шындығында көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің нормативтік құқықтық негізде болмауы жөніндегі т а л д а у е с е п т е л е д і .

Тізілімге енгізілген мемлекеттік қызметтердің жаңа түрлері болған, сондай-ақ Тізілімге қосу үшін қосымша мемлекеттік қызметтердің болмауы жөнінде ақпарат ұсынылған жағдайда мемлекеттік органға 5 балл беріледі (K1).

Параграф 2. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының сапасы» өлшемі бойынша бағалау

15. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының сапасы» өлшемі бойынша бағалау:

«мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің, соның ішінде жергілікті атқарушы органдар үшін бекітілген стандарттарының үлесі»;

«Тізілімге енгізілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша әзірленген, соның ішінде жергілікті атқарушы органдар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамадан өткен және мүдделі мемлекеттік органдарға келестіруге жіберілген, бірақ есепті кезеңнің соңына бекітілмеген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттар жобаларының үлесі»;

«есептік кезеңде мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көрсету мерзімдері қысқартылған және/немесе көрсетілетін қызметтер алушыларынан сұратылатын құжаттардың саны азайтылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің өзгертілген стандарттардың үлесі»;

«мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын мемлекеттік қызметтер саласындағы заңнамаға сәйкес жария талқылау талаптарына сәйкестігі» көрсеткіштері бойынша анықталады.

16. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының сапасы туралы ақпарат орталық мемлекеттік органдармен осы Әдістеменің 7-қосымшасындағы нысанға сәйкес ұсынылады.

Ұсынылатын ақпаратта:

мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын, соның ішінде жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша стандарттарды бекіту жөнінде мәлімет, сондай-ақ стандарттардың бекітілмеу себептері көрсетілген;

Тізілімге енгізілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша әзірленген, соның ішінде жергілікті атқарушы органдар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамадан өткен және мүдделі мемлекеттік органдарға келестіруге жіберілген, бірақ есепті кезеңнің соңына бекітілмеген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттар жобалары;

есептік кезеңде қолданыстағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарындағы мемлекеттік қызметтер көрсетудің мерзімдерін қысқарту және/немесе мемлекеттік қызметтер алушыларынан сұратылатын құжаттардың санын азайту жөніндегі мәліметтер, сондай-ақ мемлекеттік орган қызметінің саласын реттейтін нормативтік құқықтық негіздеріне жүргізілген сараптама;

«электрондық үкімет» веб-порталында және мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналастыру мерзімдерін көрсете отырып мемлекеттік

көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарының жобаларын жария талқылаудың аяқталғаны туралы есеп туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағалау мемлекеттік органдармен жоғарыда аталған барлық деректер бойынша керекті растайтын құжаттардың көшірмелерін және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылау жөніндегі «электрондық үкімет» веб-порталының және мемлекеттік орган интернет-ресурсының скрин-шоттарын қоса ұсынған жағдайда жүргізіледі.

17. Жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің стандарттарын әзірлейтін мемлекеттік органдар Тізілімге сәйкес анықталады.

Бағалауда (бағалау күніне) Тізілімге енгізілген мемлекеттік қызметтер үшін әзірленетін стандарттар есептеледі.

Соған қоса, бағалау кезінде бағаланатын мемлекеттік органның Тізілімге 2013 жылғы 30 қыркүйекке дейін мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді стандарттау бойынша жұмысы есептеледі.

18. Бағалау кезінде Министрлікпен жүргізілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобалары мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамаға сәйкестігін мониторингілеу қорытындылары есептеледі.

19. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамамен белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді стандарттау мерзімдері бұзылған жағдайда аталған өлшем бойынша мемлекеттік органның жалпы бағасынан айыппұл балдары шегеріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді стандарттау мерзімдерін бұзғаны үшін әр анықтап белгіленген дерек бойынша 0,2 айыппұл бал шегерілу көзделеді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді стандарттау мерзімдерін бұзғаны үшін айыппұл бал шегеру сомасы 3 баллдан көп бола алмайды.

20. Бағалау келесі формула бойынша есептеледі:
 $K2=P1+P2+P3+P4$

$K2$ - осы өлшем бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;

$P1$ – «мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің, соның ішінде жергілікті атқарушы органдар үшін бекітілген стандарттарының үлесі» көрсеткішінің мағынасы ;

$P2$ – «Тізілімге енгізілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша әзірленген, соның ішінде жергілікті атқарушы органдар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамадан өткен және мүдделі мемлекеттік органдарға келестіруге жіберілген, бірақ есепті кезеңнің соңына бекітілмеген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттар жобаларының үлесі» көрсеткішінің мағынасы ;

$P3$ – «есептік кезеңде мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты

мекемемен) көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көрсету мерзімдері қысқартылған және/немесе көрсетілетін қызметтер алушыларынан сұратылатын құжаттардың саны азайтылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің өзгертілген стандарттардың үлесі» көрсеткішінің мағынасы;

P4 – «мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын мемлекеттік қызметтер саласындағы заңнамаға сәйкес жария талқылау талаптарына сәйкестігі» көрсеткішінің мағынасы.

21. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің, соның ішінде жергілікті атқарушы органдар үшін бекітілген стандарттарының үлесі» көрсеткішін бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$P1 = k * \frac{a}{c}$$

P1 – аталған көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;
k – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша коэффициент 6-ға тең);
a – мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекеме), соның ішінде жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша бекітілген стандарттардың саны;
c – Тізілімге сәйкес мемлекеттік органмен, соның ішінде жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үшін әзірленетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жалпы саны (есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша).

22. «Тізілімге енгізілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша әзірленген, соның ішінде жергілікті атқарушы органдар үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамадан өткен және мүдделі мемлекеттік органдарға келестіруге жіберілген, бірақ есепті кезеңнің соңына бекітілмеген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттар жобаларының үлесі» көрсеткішін бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$P2 = k * \frac{a}{c}$$

P2 – аталған көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;
k – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша коэффициент 4-ке тең);
a – мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобалары, соның ішінде жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үшін әзірленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптамадан өткен және мүдделі мемлекеттік органдарға келестіруге жіберілген бірақ есептік кезеңнің соңына бекітілмеген стандарттар жобаларының саны;

с – Тізілімге сәйкес мемлекеттік органмен, соның ішінде жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер үшін әзірленетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жалпы саны (есептік кезеңнің соңындағы жағдай бойынша).

23. «Есептік кезеңде мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің көрсету мерзімдері қысқартылған және/немесе көрсетілетін қызметтер алушыларынан сұратылатын құжаттардың саны азайтылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің өзгертілген стандарттардың үлесі» көрсеткішін бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$P3 = k * \frac{a}{b}$$

P3 – аталған көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;
k – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша коэффициент 6-ға тең);

a – мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен), соның ішінде жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша көрсету мерзімдері және/немесе көрсетілетін қызметтер алушылардан сұратылатын құжаттар саны азайтылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының саны;

b – Министрліктің мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімін қысқарту және/немесе көрсетілетін қызметтер алушылардан сұратылатын құжаттардың санын азайту орынысыздығы немесе мүмкінсіздігі жөніндегі қорытындысы бар мемлекеттік қызметтерді есептемегенде мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) көрсетілетін қызметтер бойынша бекітілген стандарттардың жалпы саны.

Министрліктің мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімін қысқарту және/немесе көрсетілетін қызметтер алушыларынан сұратылатын құжаттардың санын азайту орынысыздығы немесе мүмкінсіздігі жөніндегі қорытындысын ұсынған жағдайда бағаланатын мемлекеттік органға 6 балл қойылады.

24. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын мемлекеттік қызметтер саласындағы заңнамаға сәйкес жария талқылау талаптарына сәйкестігі» көрсеткішін бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$P4 = k * \frac{a}{b}$$

P4 – аталған көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;
k – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша коэффициент 5-ке тең);

а – мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен), соның ішінде жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылау бойынша заңнаманың талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының саны;

б – мемлекеттік органмен, соның ішінде жергілікті атқарушы органдармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтері үшін әзірленетін мемлекеттік қызметтер стандарттарының жалпы саны.

Параграф 3. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінің сапасы» өлшемі бойынша бағалау

25. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінің сапасы» өлшемін бағалау «бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінің үлесі» және «мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламенті мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкестігі» көрсеткіштері бойынша бағалау орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен осы Әдістеменің 8-қосымшасындағы нысанға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінің сапасы туралы ұсынылатын ақпарат негізінде жүргізіледі.

Ақпаратта мемлекеттік органмен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер регламенттерінің бекітілуі жөнінде мәлімет, сондай-ақ регламенттердің бекітілмеуі себептері көрсетіледі.

Сонымен қатар, бағаланатын мемлекеттік органдар мемлекеттік көрсетілетін қызметтер үдерісі, көрсетілетін қызметтер берушілердің мемлекеттік қызметті көрсету барысында өзара әрекет тетіктері туралы ақпаратты ұсынады.

26. Бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

1) орталық мемлекеттік органдар бойынша:

$$K3=P1+P2$$

2) жергілікті атқарушы органдар бойынша:

$$M1=P1+P2$$

K3 – аталған өлшем бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;

M1 – аталған өлшем бойынша жергілікті атқарушы органның бағасы;

P1 – «бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінің үлесі» көрсеткішінің мағынасы;

P2 – «мемлекеттік көрсетілетін қызметтің регламенті мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкестігі» көрсеткішінің мағынасы.

27. «Бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінің үлесі» көрсеткішін бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

1) орталық мемлекеттік органдар бойынша:

$$P1 = k * \frac{a}{b}$$

2) жергілікті атқарушы органдар бойынша:

$$P1 = m * \frac{a}{b}$$

$P1$ – аталған көрсеткіш бойынша мемлекеттік органның бағасы;

k – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік органдардың коэффициенті 5-ке тең);

m – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша жергілікті атқарушы органдардың коэффициенті 15-ке тең);

a – мемлекеттік органмен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінің саны (2014 жылғы 18 қаңтардағы жағдай бойынша);

b – мемлекеттік органмен мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін әзірлеуге міндетті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер түрлерінің саны (2013 жылғы 18 желтоқсандағы жағдай бойынша).

Аталған өлшем бойынша бағалау кезінде «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның 13-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді есептік кезеңде және 2014 жылғы 18 қаңтарға дейін регламенттеу бойынша бағаланатын мемлекеттік органның атқарылған жұмысы есептеледі.

28. Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы заңнамамен белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді регламенттеу мерзімдері бұзылған жағдайда аталған өлшем бойынша мемлекеттік органның жалпы бағасынан айыппұл баллдары шегеріледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді регламенттеу мерзімдерін бұзғаны үшін әр анықтап белгіленген дерек бойынша 0,2 айыппұл балл шегерілу көзделеді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді регламенттеу мерзімдерін бұзғаны үшін айыппұл балл шегеру сомасы 3 баллдан көп бола алмайды.

29. «Мемлекеттік көрсетілген қызметтің регламенті мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандартына сәйкестігі» көрсеткішін бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

1) орталық мемлекеттік органдар бойынша:

$$P1 = k * \frac{a}{b}$$

2) жергілікті атқарушы органдар бойынша:

$$P1 = m * \frac{a}{b}$$

$P2$ – аталған көрсеткіш бойынша мемлекеттік органның бағасы;

k – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік органдардың коэффициенті 3-ке тең);

m – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша жергілікті атқарушы органдардың коэффициенті 10-ға тең);

a – мемлекеттік органмен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерінің стандарттарына сәйкес келетін бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерінің саны (2014 жылғы 18 қаңтардағы жағдай бойынша);

b – мемлекеттік органмен мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін әзірлеуге міндетті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер түрлерінің саны (2013 жылғы 18 желтоқсандағы жағдай бойынша).

Параграф 4. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігі» өлшемі бойынша бағалау

30. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету жөніндегі ақпараттың қолжетімділігі» өлшемі бойынша бағалау «мемлекеттік органның интернет-ресурсында мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы ақпараттың болуы» және «электрондық үкімет» веб-порталында мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы ақпараттың болуы» көрсеткіштері бойынша анықталады.

31. Бағалау келесі формула бойынша жүргізіледі:

1) орталық мемлекеттік органдар бойынша:

$$K4=P1+P2$$

2) жергілікті атқарушы органдар бойынша:

$$M2=M1$$

K4 – аталған өлшем бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;

M2 – аталған өлшем бойынша жергілікті атқарушы органның бағасы;

P1 – «мемлекеттік органның интернет-ресурсында мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы ақпараттың болуы» көрсеткішінің мағынасы;

P2 – «электрондық үкімет» веб-порталында мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы ақпараттың болуы» көрсеткішінің мағынасы.

32. «Мемлекеттік органның интернет-ресурсында мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы ақпараттың болуы» көрсеткіші бойынша бағалау мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді (дәстүрлі және электрондық түрдегі) көрсету, рәсімдері мен мерзімдері туралы ақпараттың болуы мен қолжетімділігі пәніне есептік кезеңнің 4-тоқсанында мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының талдау қорытындылары бойынша анықталады. Бағалау кезінде келесі мәліметтердің болуы есептеледі:

1) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің паспорты.

Егер мемлекеттік көрсетілетін қызмет электрондық түрде көрсетілетін жағдайда, «электрондық үкімет» порталындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тиісті парағына сілтемесі көрсете отырып қызметті алу тәртібі

жөніндегі толық ақпараттың болуы бағаланады.

2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бекітілген стандарттары.

Егер мемлекеттік көрсетілетін қызметтің бекітілген стандарты болмаған жағдайда, стандарттың жобасы есептеледі. Соған қоса, талқылау міндеттері бар, талқылаудың басталу және аяқталу күндерін көрсетілген стандарттың жобасы е с е п т е л е д і .

3) Электрондық мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттері.

4) Байланыс мәліметтер, мемлекеттік органның жұмыс істеу кестесі, «электрондық үкімет» мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығының телефондарын көрсете отырып мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелеріне шағымдану тәртібі туралы ақпарат.

Мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналасқан жоғарыда аталған құжаттар (мемлекеттік қызметтер көрсетудің стандарттары мен электрондық қызметтердің регламенттері) келесі талаптарға сай болу қажет:

барлық стандарттар, электрондық қызметтердің регламенттері немесе олардың сілтемелері «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» тарауында о р н а л а с т ы р ы л у ы қ а ж е т ;

сілтеменің атауы құжаттың түрін (стандарт, регламент) және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы көрсетілу қажет;

құжатты алу файлы.doc. форматында болу қажет;

барлық стандарттар мен регламенттердің (болған жағдайда бекіткен адамның немесе бекіткен құжаттың атауы, нөмірі мен бекітілген күні) деректемелері к ө р с е т і л е д і .

Жоғарыда аталған міндеттер сақталмаған жағдайда мемлекеттік органның интернет-ресурсында орналасқан құжат есептелмейді және тиісінше бал қ о й ы л м а й д ы .

33. Бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

1) орталық мемлекеттік органдар бойынша:

$$P1 = k * \left(\frac{0.35 * a + 0.2 * c + 0.15 * f}{d} + \frac{0.3 * b}{e} \right)$$

2) жергілікті атқарушы органдар бойынша:

$$P1 = m * \left(\frac{0.35 * a + 0.2 * c + 0.15 * f}{d} + \frac{0.3 * b}{e} \right)$$

P1 – аталған көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік немесе жергілікті атқару органның бағасы ;

k – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік органдардың коэффициенті 3-ке тең);

m – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы

көрсеткіш бойынша жергілікті атқарушы органдардың коэффициенті 10-ға тең);

a – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары бар мемлекеттік қызметтердің саны;

b – электрондық мемлекеттік қызметтердің регламенттері бар мемлекеттік қызметтердің саны;

c – интернет-ресурста орналасқан мемлекеттік көрсетілетін қызметтер паспорттарының саны;

f – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелеріне шағымдану тәртібі жөніндегі ақпараты бар мемлекеттік қызметтердің саны;

d – Тізілімге сәйкес мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) көрсетілетін мемлекеттік қызметтер түрлерінің жалпы саны;

e – электрондық форматта мемлекеттік органмен «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер түрлерінің саны.

34. «Электрондық үкімет» веб-порталында мемлекеттік қызметтерді көрсету туралы ақпараттың болуы» көрсеткіші бойынша бағалау тек ғана орталық мемлекеттік органдарда жүргізіледі.

Бағалау электрондық мемлекеттік көрсетілген қызметтерді көрсету, рәсімдері мен мерзімдері туралы ақпараттың болуы мен қолжетімділігі пәніне мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының, сондай-ақ «электрондық үкімет» порталын талдау қорытындылары бойынша анықталады, атап айтқанда:

1) мемлекеттік органмен тоқсан сайын «электрондық үкімет» порталына орналастыру үшін, соның ішінде Министрліктің сұранысы бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі туралы түсіндірме ақпаратты ұсыну;

2) мемлекеттік органның ведомстволық интернет-ресурсында және «электрондық үкімет» порталында мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпараттың өзектігін тоқсан сайын енгізілген өзгерістер немесе оларыдың жоқтығы туралы Министрлікті міндетті түрде хабардар етіп қамтамасыз ету.

35. Бағалау келесі формула бойынша жүргізіледі:

$$P2 = k * \frac{a}{b}$$

P2 – аталған көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;

k – 2-ге тең алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент;

a – Министрліктің сұранысы бойынша орталық мемлекеттік органдардан алынған жауаптардың саны;

b – Министрлікпен бағаланатын мемлекеттік органдардың тарапына жіберілген жалпы сұраныстардың саны.

Параграф 5. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі» өлшемі бойынша бағалау

32. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету тәртібі» өлшемі бойынша бағалау тек ғана орталық мемлекеттік органдарда жүргізіледі. Бағалау Тізілімде көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің бекітілген стандарттарын талдау негізінде жүргізіледі.

33. Бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

$$K5 = \frac{a1 + a2 + .. + az}{z}$$

$K5$ – аталған өлшем бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;
 a – мемлекеттік қызметке қойылатын қорытынды баға;
 z – Тізілімге сәйкес мемлекеттік органмен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің жалпы саны.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын қорытынды бағаны санау келесі формула бойынша жүргізіледі:

$$a = b * d * \frac{x}{y}$$

егер $y = 0$, онда $a = b * d$
 x – мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік органмен ведомствоаралық/ведомстволық ақпараттық жүйелерден сұратылатын құжаттардың саны;

y – мемлекеттік қызметті көрсету үшін мемлекеттік органмен ведомствоаралық/ведомстволық ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттардың саны;

b – осы Әдістеменің 9-қосымшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын бал;

d – мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету мерзіміне сәйкес қойылатын қосымша коэффициент.

Егер бағалау кезінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтің стандарты бекітілмеген жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын қорытынды балл 0 тең.

Егер, дәстүрлі әдіспен көрсетілетін мемлекеттік қызмет бойынша Министрлік пен бағаланатын мемлекеттік орган басшысының орынбасарларымен қол қойылған мемлекеттік қызметті электрондық форматқа ауыстыру мүмкін еместігі жөнінде бірлескен хаттама болған жағдайда, аталған мемлекеттік қызметке қойылатын қорытынды балл 10-ға тең.

Егер, орталық мемлекеттік орган «бір терезе» принципі бойынша жұмыс

істейтін халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсету мүмкінсіздігі жөнінде Ведомствоаралық комиссияның шешімін ұсынған жағдайда, мемлекеттік орган халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы көрсетіледі деп саналады және оған тиісті балл қойылады.

Егер, есептік кезеңде орталық мемлекеттік органмен Тізімге мемлекеттік қызметтерді қосу бойынша жұмыс жүргізілген жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметке осы Әдістеменің 9-қосымшасына сәйкес қойылатын баллға қосымша 3 балл қойылады.

Егер, мемлекеттік көрсетілетін қызмет дәстүрлі әдіспен тек ғана мемлекеттік органда көрсетілсе, алайда оны көрсету барысында ведомствоаралық/ведомстволық ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттар болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын қорытынды баллды санау осы Әдістеменің 9-қосымшасына сәйкес қойылатын баллды (b) мемлекеттік көрсетілетін қызметтің көрсету мерзіміне сәйкес қойылатын қосымша коэффициентке (d) көбейту арқылы анықталады.

Қосымша коэффициент стандарттарда көрсетілген мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдеріне сәйкес қойылады:

егер мемлекеттік көрсетілетін қызметте көрсету мерзімі 5 жұмыс күні немесе одан аз болса, қосымша коэффициент (d) 1 тең;

егер мемлекеттік көрсетілетін қызметте көрсету мерзімі 5 жұмыс күнінен көп болса, қосымша коэффициент (d) 0,8 тең.

Параграф 6. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына мемлекеттік органның ішкі бақылауының тиімділігі» өлшемі бойынша бағалау

34. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына мемлекеттік органның ішкі бақылауының тиімділігі» көрсеткіші бойынша бағалау мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін бұзуды алдын алу шаралары бойынша жүргізілген шаралар жөніндегі мемлекеттік органдармен Агенттікке мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына бақылау жүргізу шеңберінде мемлекеттік органдармен ұсынылатын ақпарат негізінде жүргізіледі.

35. Бағалау келесі формула бойынша жүргізіледі:

1) орталық мемлекеттік органдар бойынша:

$$K6 = m * \frac{a}{b}$$

2) жергілікті атқарушы органдар бойынша:

$$M3 = m * \frac{a}{b}$$

К6 – аталған өлшем бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;

М3 – аталған өлшем бойынша жергілікті атқарушы органның бағасы;

k – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік органдардың коэффициенті 6-ға тең);

m – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы көрсеткіш бойынша жергілікті атқарушы органдардың коэффициенті 15-ке тең);

a – мемлекеттік органмен мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін бұзуды алдын алу шаралары бойынша жүргізілген шаралардың (мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін бұзғаны үшін функционалдық міндеттеріне кіретін мемлекеттік қызметшілерге қатысты қабылданған тәртіптік сипаттағы шаралардың) саны;

b – мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттері бұзуларының жалпы саны.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін бұзылуы деп көрсетілетін қызметтер алушаларының мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасына дәлелденген шағымдары мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзулар түсініледі.

Параграф 7. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерінің сақталуы» өлшемі бойынша бағалау

36. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мерзімдерінің сақталуы» өлшемі келесі көрсеткіштер бойынша анықталады:

«мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мерзімдерінің сақталуы» «электрондық үкімет» порталы арқылы лицензиялауға келіп түскен өтініштердің уақытылы тіркелуі»;

«лицензиялауға қағаз нұсқасында келіп түскен өтініштерді уақытылы тіркелуі» ;

«электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық мемлекеттік қызметтерді уақытылы көрсетілуі».

37. Аталған өлшем бойынша бағалау осы Әдістеменің 10-қосымшасындағы нысанға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мерзімдерінің сақталуы жөнінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен ұсынылған ақпараттарының негізінде жүргізіледі.

Ақпаратта көрсетілген мемлекеттік қызметтер және белгіленген көрсету мерзімдерінің бұзу деректері туралы, соның ішінде халыққа қызмет көрсету

орталықтары арқылы, мемлекеттік органда (ведомстволық бағынысты мекемеде) көрсетілген қызметтер туралы мәліметтер көрсетіледі.

38. Агенттікпен аталған өлшем бойынша әділетті бағалау мақсатында Министрліктің «ХҚКО» ҮАЖ-нен мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көрсету мерзімдерін бұзу деректерінің саны сұратылады.

Аталған өлшем бойынша орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен ұсынылған ақпарат пен «ХҚКО» ҮАЖ-нен алынған ақпарат арасында айырмашылық анықталған жағдайда, бастапқы «ХҚКО» ҮАЖ-нен мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің көрсету мерзімдерін бұзу туралы ақпарат қ о л д а н ы л а д ы .

39. Бағалау келесі формула бойынша есептеледі:

1) орталық мемлекеттік органдар бойынша:

$$K7 = P1 + P2 + P3 + P4$$

2) жергілікті атқарушы органдар бойынша:

$$M4 = P1 + P2 + P3 + P4$$

K7 – осы өлшем бойынша орталық мемлекеттік органның бағасы;

M4 – осы өлшем бойынша жергілікті атқарушы органның бағасы;

P1 – «мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мерзімдерінің сақталуы» көрсеткішінің мағынасы;

P2 – «электрондық үкімет» порталы арқылы лицензиялауға келіп түскен өтініштердің уақытылы тіркелуі» көрсеткішінің мағынасы;

P3 – «лицензиялауға қағаз нұсқасында келіп түскен өтініштерді уақытылы тіркелуі» көрсеткішінің мағынасы;

P4 – «электрондық үкімет» порталы арқылы электрондық мемлекеттік қызметтерді уақытылы көрсетуі» көрсеткішінің мағынасы.

Егер өлшем бойынша алынған нәтиже теріс мағынаны қабылдаған жағдайда, мемлекеттік органға 0 бағасы қойылады.

40. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мерзімдерінің сақталуы» көрсеткіші келесі формула бойынша есептеледі:

1) орталық мемлекеттік органдар бойынша:

$$P1 = k * (1 - (\frac{a + c}{b + d} * 10000))$$

2) жергілікті атқарушы органдар бойынша:

$$P1 = m * (1 - (\frac{a + c}{b + d} * 10000))$$

P1 – осы көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік/ жергілікті атқарушы органның бағасы;

k – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы

өлшем бойынша орталық мемлекеттік органдардың коэффициенті 10-ға тең);
m – алынған нәтижелерді үлестік маңызына жеткізу үшін коэффициент (осы өлшем бойынша жергілікті атқарушы органдардың коэффициенті 20-ға тең);

a – халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) белгіленген мерзімі бұзылып көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің саны;

b – халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жалпы саны;

c – мемлекеттік органмен (ведомстволық бағынысты мекемемен) белгіленген мерзімі бұзылып көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің саны;

d – мемлекеттік органда (ведомстволық бағынысты мекемеде) көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің жалпы саны;

10000 – көрсетілген 10000 қызметке шағымдардың орта мәнін анықтау үшін коэффициент.

Егер осы көрсеткіш бойынша алынған нәтиже теріс мағынасын қабылдаған жағдайда, мемлекеттік органға аталған көрсеткіш бойынша 0 бағасы қойылады.

41. «Электрондық үкімет» порталы арқылы лицензиялауға келіп түскен өтініштерді уақытылы тіркелуі» көрсеткіші бойынша «е-лицензиялау» мемлекеттік дерекқоры» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – ЕЛ МД АЖ) лицензиар болып табылатын мемлекеттік органның жауапты адамдарымен өтініштердің келіп түскен күні тіркелуі бағаланады. Мемлекеттік органға өтініштер жұмыс емес күндері немесе жұмыс күні аяқталғаннан кейін келіп түскен жағдайда өтініштердің тіркеу күні болып келесі бірінші жұмыс күні саналады.

«Электрондық үкімет» порталы арқылы лицензиялауға келіп түскен өтініштерді уақытылы тіркелуі» көрсеткіші келесі формула бойынша есептеледі:

$$P2 = a * \frac{100}{b} * (-0.3), \text{ егер } a * \frac{100}{b} < 10$$

$$P2 = -3, \text{ егер } a * \frac{100}{b} \geq 10$$

P2 – осы көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік/ жергілікті атқарушы органның бағасы;

a – есептік кезеңде «электрондық лицензиялау» порталынан келіп түскен өтініштерді берілген күні тіркелмеген өтініштердің саны;

b – есептік кезеңде «электрондық лицензиялау» порталынан келіп түскен өтініштердің жалпы саны.

42. «Лицензиялауға қағаз нұсқасында келіп түскен өтініштерді уақытылы тіркелуі» көрсеткіші бойынша «электрондық лицензиялау» порталынан келіп

түскен ЕЛ МД АЖ лицензиар болып табылатын мемлекеттік органның жауапты адамдарымен қағаз нұсқаулықтағы өтініштердің келіп түскен күні өтініштердің тіркелуі бағаланады. Мемлекеттік органға өтініштер жұмыс емес күндері немесе жұмыс күні аяқталғаннан кейін келіп түскен жағдайда өтініштердің тіркеу күні болып келесі бірінші жұмыс күні саналады. Аталған көрсеткіш бойынша бағалауға есептік кезеңде қағаз нұсқасында келіп түскен әр лицензия түрі бойынша тіркеу журналынан кездейсоқ алынған 25 өтініштер (бұдан әрі – бағаланатын өтініштердің саны) жатады. Егер мемлекеттік органға есеп кезеңінде лицензиялауға 25 өтініштен аз түскен жағдайда барлық өтініштер бағаланады. Егер мемлекеттік органда тіркеу журналы болмаған жағдайда қағаз нұсқасында лицензиялауға келіп түскен өтініштерді тіркейтін әрбір журнал немесе Электрондық құжат айналымының біріңғай жүйесіндегі мәліметтер қ а р а л а д ы .

«Лицензиялауға қағаз нұсқасында келіп түскен өтініштерді уақытылы тіркелуі» көрсеткіші келесі формула бойынша есептеледі:

$$P3 = a * \frac{100}{b} * (-0.3), \text{ егер } a * \frac{100}{b} < 10$$

$$P3 = -3, \text{ егер } a * \frac{100}{b} \geq 10$$

P3 – осы көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік/ жергілікті атқарушы органның бағасы ;

a – есептік кезеңде қағаз нұсқасында келіп түскен өтініштерді берілген күні тіркелмеген өтініштердің саны ;

b – есептік кезеңде есептік кезеңде қағаз нұсқасында келіп түскен өтініштердің жалпы саны .

43. Лицензиар болып табылмайтын мемлекеттік органдарда «электрондық лицензиялау» порталы арқылы түскен өтініштердің уақытылы тіркелуі» және «лицензиялауға қағаз нұсқасында келіп түскен өтініштерді уақытылы тіркелуі» көрсеткіштері бойынша бағалау жүргізілмейді.

44. «Электрондық мемлекеттік қызметтерді «электрондық үкімет» порталы арқылы уақытылы көрсетілуі» көрсеткіші бойынша есептік кезеңде электрондық қызметтер көрсету регламентіне сәйкес электрондық мемлекеттік қызметтерді «электрондық үкімет» порталы арқылы ауқытылы көрсетілуі бағаланады.

«Электрондық мемлекеттік қызметтерді «электрондық үкімет» порталы арқылы уақытылы көрсетілуі» көрсеткіші келесі формула бойынша есептеледі:

1) орталық мемлекеттік органдар бойынша:

$$P4 = k * \frac{0.3 * a + 0.7 * c}{b}$$

2) жергілікті атқарушы органдар бойынша:

$$P4 = m * \frac{0.3 * a + 0.7 * c}{b}$$

$P4$ – осы көрсеткіш бойынша орталық мемлекеттік/ жергілікті атқарушы органның бағасы ;

k – (-4-ке тең) алынған нәтижелерді таразылы мағынаға келтіруге арналған коэффициент ;

m – (-10-ға тең) алынған нәтижелерді таразылы мағынаға келтіруге арналған коэффициент ;

a – «электрондық үкімет» порталы арқылы мерзімі бұзылып көрсетілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің саны;

c – өңделмеген («жауабы жоқ» статусы бар) электрондық өтініштердің саны;

b – «электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің жалпы саны.

Параграф 8. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің нәтижелеріне шағымдану» өлшемі бойынша бағалау

45. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге шағымдану» өлшемі бойынша бағалау осы Әдістеменің 11-қосымшасындағы нысанға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге шағымдану жөнінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдармен ұсынылған ақпараттарының негізінде жүргізіледі .

